

Тұрғынбаева Б.А.¹, Ағыбай Қ.Е.^{1*}

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

«КӘСІБИ ҰТҚЫРЛЫҚ» ҰҒЫМЫНЫҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстандағы білім беру жүйесіндегі өзгерістеріне оңтайлы және жедел жауап бере алатын кәсіби ұтқырлық қасиеттері дамыған мамандардың қажет екендігі қарастырылған. Осыған байланысты авторлар жоғарғы білім беру жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығын дамытуда теориялық дайындық пен тәжірибе арасында байланыстардың жоқтығы қазіргі кезеңде шешімін таппай келе жатқан мәселелердің бар екендігіне назар аударады.

Зерттеу мәселесіне байланысты студенттерден сауалнама алынып, соның нәтижесінде «кәсіби ұтқырлық» ұғымына қатысты алғашқы түсінік деңгейлері анықталды. Авторлар жүйелік тәсіл арқылы «ұтқырлық», «кәсіби ұтқырлық» және оның негізгі сапалары туралы әр түрлі ғалымдар саласындағы ойларға контекстік талдаулар жасап, ғылыми тұжырымдар береді. Сонымен қатар, кәсіби ұтқырлықты кәсіби білім, кәсіби құзыреттілік, креативтілік, өзгергіштік, бейімделу және белсенділік сияқты жеке (құндылық-семантикалық) және кәсіби қасиеттерді (құзыреттер) біріктіретін кәсіби және жеке сапа ретіндегі мазмұнын анықтайды.

Зерттеудің мақсаты: болашақ педагог-психологтардың кәсіби ұтқырлығын дамыту мәселесінің теориялық - әдіснамалық негіздеріне талдау жасап, мәселенің шешудің практикалық жолдарын ұсыну.

Мақалада Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің «Педагогика және психология» мамандығының студенттерінен алынған сауалнама нәтижелері келтіріледі.

Түйін сөздер: ұтқырлық, кәсіби ұтқырлық, кәсіп, мамандық, кәсіби сапалар, білім, белсенділік, креативтілік, коммуникативтілік.

Тургунбаева Б.А.¹, Ағыбай Қ.Е.¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Алматы, Казахстан

СУЩНОСТЬ И СОДЕРЖАНИЕ ПОНЯТИЯ «ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ МОБИЛЬНОСТЬ»

Аннотация

В данной статье рассматривается потребность в специалистах с развитой профессиональной мобильностью, способных оптимально и быстро реагировать на изменения в системе образования Казахстана. В связи с этим авторы обращают внимание на то, что до сих пор остается нерешенным вопрос отсутствия связи между теоретической подготовкой и опытом развития профессиональной мобильности будущих специалистов в высшей школе.

В связи с проблемой исследования был проведен опрос студентов, в результате которого были определены исходные уровни понимания понятия «профессиональная мобильность». Посредством системного подхода авторы делают контекстный анализ взглядов различных ученых в области «мобильности», «профессиональной мобильности» и ее основных качеств и делают научные выводы. Также определяют профессиональную мобильность как профессионально-личностное качество, сочетающее в себе личностные (ценностно-смысловые) и профессиональные качества (компетенции), такие как профессиональные знания, профессиональная компетентность, креативность, вариативность, адаптивность и активность.

Цель исследования: анализ теоретико-методологических основ и разработка практических путей решения проблемы развития профессиональной мобильности будущих педагогов-психологов.

Методы исследования: анализ и обобщение научных и практических работ по теме, эмпирические методы, эксперимент.

В статье представлены результаты анкетирования студентов специальности «Педагогика и психология» Казахского национального педагогического университета имени Абая.

Ключевые слова: мобильность, профессиональная мобильность, профессия, специальность, профессиональные качества, знания, активность, творчество, общение.

*Turgunbayeva B.A.¹, Agybay K.E. ^{*1}*

*¹Kazakh National Pedagogical University named after Abai
Almaty, Kazakhstan*

MEANING AND CONTENT OF THE CONCEPT "PROFESSIONAL MOBILITY"

Abstract

This article discusses the need for specialists with developed professional mobility, able to optimally and quickly respond to changes in the education system of Kazakhstan. In this regard, the authors draw attention to the fact that the issue of the lack of connection between theoretical training and experience in the development of professional mobility of future specialists in higher education still remains unresolved.

In connection with the research problem, a survey of students was conducted, as a result of which the initial levels of understanding of the concept of "professional mobility" were determined. Through a systematic approach, the authors make a contextual analysis of the views of various scientists in the field of "mobility", "professional mobility" and its main qualities and draw scientific conclusions. They also define professional mobility as a professional and personal quality that combines personal (value-semantic) and professional qualities (competencies), such as professional knowledge, professional competence, creativity, variability, adaptability and activity.

The purpose of the study: analysis of theoretical and methodological foundations and development of practical ways to solve the problem of developing professional mobility of future teachers-psychologists.

Research methods: analysis and generalization of scientific and practical works on the topic, empirical methods, experiment.

The article presents the results of a survey of students of the specialty "Pedagogy and Psychology" of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai.

Key words: mobility, professional mobility, profession, specialty, professional qualities, knowledge, activity, creativity, communication.

Кіріспе. Нарық жағдайында бәсекеге қабілетті және сұранысқа ие сапалы мамандарды даярлау Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесінің жетекші міндеттерінің бірі болып табылады. Қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайда бұл міндетті шешудің бір тәсілі - болашақ мамандардың жоғары кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру болып табылады. Осы контекстегі кәсіби ұтқырлық - адамның жеке қабілеттеріне, сыртқы өмір жағдайларына және әлеуметтенуіне, соның ішінде әртүрлі білім беру құрылымдарында алынған кәсіби білімі және психологиялық дайындығын ескере отырып, оның мамандықты өзгертуге қабілеті мен дайындығын көрсететін сапа.

Кәсіби ұтқырлық сапаларын қалыптастыруда туындайтын мәселелердің бірі теориялық білім мен тәжірибе арасындағы алшақтық болып табылады, бұл қазіргі қоғамда өзекті екендігін айқын. Осы мәселені зерделеу барысында студенттердің «кәсіби ұтқырлық» ұғымы мен негізгі кәсіби

сапалар туралы түсініктерін анықтау және оның дұрыс қалыптасу мүмкіндіктерін қарастыру зерттеу мәселесін туындатады.

Осы зерттеу мәселесіне байланысты кәсіби ұтқырлық ұғымының мәні оның мазмұнына қандай кәсіби сапалар енеді деген зерттеу сұрағы туындайды.

Зерттеу сұрағына байланысты кәсіби ұтқырлықтың ғылыми-теориялық негіздерін және оның мазмұнындағы кәсіби сапаларды зерттеген ғалымдардың еңбектеріне талдау жасап көрсеттік.

Кәсіби ұтқырлық - психологиялық сөздікте ол адамның жаңа технология мен технологияны тез және сәтті игеру, жаңа кәсіби қызметтің тиімділігін қамтамасыз ететін жетіспейтін білім мен дағдыларды игеру қабілеті мен дайындығы ретінде анықталады деп көрсетуі [1] біздің зерттеу сұрағымыздағы маманның жаңа дүниені тез өзгеріп меңгеруі деген ойымызды дәлелдей түседі.

Алайда, қарастырылып отырған тұжырымдаманың мұндай түсіндірмесі айтарлықтай шектеулі және техникалық кәсіптердің ерекшеліктерін белгілі ғалым Фугелова Т.А. кәсіби ұтқырлықты, таза өндірістік білім, онда адам білімінің әртүрлі салаларын және өте жалпыланған дағдыларды біріктіретін көп қырлы ұғым ретінде пайда болады деп көрсетеді [2] бұл кәсіби ұтқырлық сапаларының мазмұны тәжірибе негізінде қалыптасатындығын байқатады.

Осыдан келіп логикалық сұрақ туындайды, бұл көп қырлы тұжырымдаманың негізі неде? Л.А. Амирова кәсіби ұтқырлықтың негізі, ең алдымен, жалпыланған кәсіби білімнің жоғары деңгейі, жалпыланған кәсіби әдістер жүйесін игеру және оларды өз мамандығы бойынша кез-келген тапсырмаларды орындау үшін тиімді қолдана білу екенін атап өтті [3].

Шетелдік зерттеушілердің (Д. Мартенс, А. Шелтон) пікірінше, әрекет ету радиусы кең, кәсіптердің бір тобынан тыс, кәсіби және психологиялық тұрғыдан мамандарды жаңа мамандықтар мен кәсіптерді ауыстыруға және игеруге дайындайтын, болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығы мен бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың негізі "негізгі біліктіліктер" болуы керек және кәсіби қызметтегі инновацияларға дайындықты қамтамасыз етеді деген ойлары зерттеу сұрағындағы болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлық туралы ойларының болуы керектігі және оның мазмұнындағы сапаларды нақты білу керек деген тұжырым жасадық.

Материалдар мен әдістер. Осы ойымызды нақтылау үшін студенттер арасында әлеуметтік сауалнама жүргізіп көрдік. Сауалнаманың мақсаты «Педагогика-психология» мамандығында оқып жатқан студенттердің кәсіби ұтқырлық жайлы бастапқы түсінік деңгейін айқындау міндеті тұрды.

Онда төмендегідей сұрақтар қамтылды:


1. «Кәсіби ұтқырлық» ұғымының мағанасын түсінесіз бе?

2. Қазіргі жас маманның кәсіби ұтқыр болуы оның қандай сапалық қасиеттерімен байланысты? (дұрысын белгілеңіз).

Сауалнама 3 курс студенттерінен алынды, себебі бұл кезең негізгі оқу пәндері арқылы кәсіби білімдер беріліп, маман ретінде қалыптасатын мерзім.

Сауалнамаға 151 студент қатысты және сауалнама алдымен апробациядан өткеннен кейін ғана студенттерге таратылды. Студенттерге сауалнама жабық болғандықтан, нәтижесінің құпиялылығының сақталатындығы түсіндірілді.

Нәтижелер. Сауалнама нәтижесі диаграммалар арқылы төменде көрсетілген (сурет 1-2).



Сурет 1 – Студенттердің кәсіби ұтқырлық туралы түсінік деңгейі



Сурет 2 – Студенттердің кәсіби ұтқырлықтың ішкі құрамалары туралы түсінік деңгейлерінің көрсеткіштері

Сауалнама нәтижесіне талдау жасап барысында студенттердің «кәсіби ұтқырлық» түсінігі мен оның құрамалары туралы ойлары шашыранқы екендігі анықталды, оған жоғарғыдағы көрсеткіштер дәлел бола алады. Алынған нәтижелер болашақ педагог-психологтардың «ұтқырлық», «кәсіби ұтқырлық» ұғымдарының мәнін түсініп және оның мазмұнындағы сапаларды олардың бойына дарыту үшін арнайы жұмыс жүргізу керек екендігін алға шығарады.

Кәсіби ұтқырлық мәселесінің философиялық негізін түсіндіруде кәсіби даму және кәсіби табысты адамның қалыптастыру контекстінде Б. С. Гершунский, Э. Дюркгейм, М. Вебер, К. Поппердің еңбектерінде ұсынылған, ал гуманистік философиялық бағытта адамның құндылығын мойындайтын көзқарастар жүйесі оның бостандық құқығы, дамуы және барлық қабілеттерінің көрінісін Ж.Ж. Руссо, Ф. Бэкон, К. Роджерс сияқты ойшылдар диалектиканың негізгі заңдары аясында ұтқырлық ұғымының мәнін түсіндіріп, кәсіби ұтқырлық тұжырымдамасының дамуы «ұтқырлық» ұғымының негізінде қалыптасқандығын атап көрсетеді.

Бастапқыда философиялық түсініктен кейін бұл тұжырымдама әлеуметтану ғылымының аясында нақты зерттелгендігімен түсіндіріледі. П.А. Сорокин алғаш рет ғылыми айналымға «Әлеуметтік ұтқырлық» ұғымын ХХ ғасырдың 20-жылдарында енгізді. Зерттеушінің пікірінше, бұл тұжырымдама адамның жаңа әлеуметтік-кәсіби жағдайларға тез және тиімді бейімделуіне мүмкіндік беретін жеке қасиеттерін білдірді. Осылайша, ғалым әлеуметтік ұтқырлықтың анықтамасының аясын кеңейтіп, жеке адамдар, әлеуметтік ұйымдармен топтардың бірінен,

екіншісіне ауысуы ғана емес, сонымен бірге олардың әлеуметтік мәртебесінің трансформациялық өзгерістері деп кеңейтілген анықтамасын берді. Әлеуметтік кеңістіктің тік және көлденең векторлары аспектісінде П.А. Сорокин тік (сатылай әлеуметтік мәртебесінің өзгеруіне яғни қызмет дәрежесінің жоғары өсуі немесе төмендеуіне байланысты) және көлденең (әлеуметтік қажеттілікке байланысты мамандығын немесе жұмыс орнын өзгертуіне байланысты) туындайтын әлеуметтік үдеріс деп ұтқырлықтың одан әрі жаңартты [4].

«Ұтқырлық», «кәсіби ұтқырлық», ұғымдарының мәнін айқындау үшін ғылыми еңбектерге, сөздіктерге талдаулар жасалды. Педагогика мен психология түсіндірме сөздігінде «Ұтқырлық жеке тұлғаның сапасы ретінде – жаңа жағдайларда жылдам бағдарлану қабілеті, ең жақсы түсініктемені табуға ұмтылуы, шығармашылық ізденісі, кез келген дәлелді есепке алып отыруы, эмоцияға емес, себепке негізделуі мен тапсырмаларды тез орындауға дайын болуы»-деген анықтама берілген [5].

Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде ұтқырлық дегеніміз - латын тілінен аударғанда *mobilis*: «жылдам қозғалу, әрекет ету қабілеті немесе ортаға байланысты тез өзгеру мүмкіндігі...» яғни адамның іс-әрекет мазмұны ретінде жылдам қозғалу немесе қажеттіліктерге байланысты тез өзгеру мүмкіндігі ретінде қарастырылады [6].

Ал психология ғылымында ұтқырлық – әлеуметтік, мәдени немесе кәсіби ортада өзінің мәртебесін немесе позициясын тез өзгерту қабілетін сипаттайтын жеке тұлғаның интегративті сапасын ұтқырлықпен түсіндіреді.

Жеке тұлғаның ұтқырлығы - адамның сыртқы және ішкі ортада болатын әртүрлі өзгерістерге реакциясының бір түрі. Жеке тұлғаның ұтқырлығын өмірдегі қиындықтарды жеңудің құралы ретінде қарастыруға болады [7].

«Ұтқырлық» ұғымына жоғарыда келтірілген талдаулар бұл сапаны тұлғаның жоғары мақсатты белсенділігі, әлеуметтік жағдайды өзгерту мүмкіндігі, жаңа жағдайдағы өзгерістер мен қайта құруларға тез жауап беру мүмкіндігі деп қабылдау қарастырылған. Біздің ойымызша, мұның бәрі қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайда болашақ мамандарды кәсіби дайындық үдерісінде қалыптасуы керек. Ал кәсіби ұтқырлық ұғымының қалыптасуы мен ғылыми негіздерін белгілі ғалым Т. А. Фугелова қоғамдағы адамдардың еңбек бөлінісі мен әлеуметтік мәселелерді зерттеу барысында туындаған үрдіс ретінде қарастырады [2].

Кәсіби ұтқырлыққа байланысты мәселелер ХХ ғасырдың 70- жылдары кәсіби педагогикада көтеріліп, қарастырыла бастады.

Ғылымның дамуының осы кезеңінде кәсіби ұтқырлық ұғымы еңбек ұтқырлығы аясында зерттелді, ал оның жетекші қызметі өндірістің даму қарқынына сәйкес кәсіби мамандарды жұмыс орындарына бөлу болды.

Э.Ф.Зеер кәсіби ұтқырлықты қызметкердің орындалатын өндірістік тапсырмаларды ауыстыруға, техникалық және технологиялық қайта құрулардың әсерінен туындайтын жаңа мамандықтарды немесе олардағы өзгерістерді игеруге дайындығы мен қабілеті, яғни жеке тұлғаны мамандық талаптарына тиімді бейімдеу ретінде түсіндіреді [8].

Алайда, қарастырылып отырған тұжырымдаманың мұндай түсіндірмесі айтарлықтай шектеулі және техникалық кәсіптердің ерекшеліктерін көрсетеді, кәсіптердің басқа түрлерінің мазмұнындағы («адам – адам», «адам – табиғат» және т.б.) кәсіби ұтқырлығын қарастырудан тыс қалдырады.

Бұл тұрғыдан белгілі ғалымдар М.И. Дьяченко, Л.А. Кандыбович адамдағы жалпы кәсіби ұтқырлықтың негізі, ең алдымен, жалпыланған кәсіби білімнің жоғары деңгейі, жалпыланған кәсіби әдістер жүйесін игеру және оларды өз мамандығы бойынша кез-келген тапсырмаларды орындау үшін тиімді қолдана білу екенін атап өтті [9].

Е.А. Никитина жеке тұлғаның кәсіби ұтқырлығының психологиялық негізі оның мотивациялық, зияткерлік және ерікті қасиеттерінің динамикасы болып табылады, соның арқасында кәсіби ұтқырлыққа жеке дайындық өрісі құрылады.

Адам объективті әлеммен өзара әрекеттесетін кәсіби қызмет субъектісі ретінде оған бейімделіп қана қоймай, сонымен бірге осы объективті әлемді белсенді түрде өзгертетінін айтады [10].

Қазақстандық белгілі ғалымдар Г.С.Саудабаева мен Г.К.Шолпанқұловалар жоғарғы оқу орындарындағы студенттердің кәсіби ұтқырлығын қашықтан оқыту жағдайында қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздерін ашып көрсетті [11].

Сонымен қатар төмендегі ғалымдар кәсіби ұтқырлықты маманның кәсіби сапаларының жиынтығы ретінде де қарастырады:

- И.Б. Игошов (білімділігі, белсенділігі, креативтілігі, бейімделгіштігі, коммуникативтілігі).
- Э.Ф. Зеер, С.А. Морозов, Э.Э. Сыманюк (жаналыққа деген дайындығы, белсенділігі, интеллектуалдылығы, рефлексивтілігі).
- Л.А. Амирова (білімділігі, белсенділігі, дайындығы, бейімділігі, креативтілігі).
- О.А. Кипина (белсенділігі, бейімделгіштігі, креативтілігі).

Жоғарғыдағы аталған ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып кәсіби ұтқырлық ұғымының сапаларына қатысты оның келесі жетекші маңызды сапаларын бөліп көрсетуге болады: кәсіби білім, кәсіби құзыреттілік, креативтілік, өзгергіштік, бейімделу және белсенділік. Олардың әрқайсысы кәсіби ұтқырлықтың өзіндік қырын көрсетеді және олардың барлығы осы құбылысты толығымен сипаттайды. Осы тұжырымдарды негізге ала отырып кәсіби қызметтегі ұтқырлықтың құрамдас бөліктерінің әрқайсысы ішкі құрылымдарын қамтитындығы, олардың дамуы сайып келгенде кәсіби ұтқырлыққа әкеледі деуге болады.

Зерделенген ғылыми ойларға талдау жасай келе, кәсіби ұтқырлыққа қатысты төмендегідей тұжырым жасалады:

1. Кәсіби қызметтің әр түрлі салаларына жылдам ауысу қабілеті;
2. Жаңа технологиялар мен кәсіби іс-әрекет нәтижесінің жетістіктеріне жетуде қойылатын талаптардың өзгеруіне тез жауап беруге дайындығы;
3. Жаңа кәсіби қызметтің ролі мен мазмұнын игерудегі жан-жақтылығы.

Енді кәсіби ұтқырлықтың маңызды сипаттамаларын қарастырған еңбектердегі кейбір көзқарастар мен тұжырымдарға тоқталамыз.

1. Кәсіби ұтқырлық ұғымының маңызды құрамаларының бірі кәсіби білім адамның әлеуметтік мәртебесін көтеру мақсатында әлеуметтік ұтқырлықты ынталандыратын маңызды факторлардың бірі екендігі белгілі. Ал жоғары білім беру жүйесі әлеуметтік-кәсіби ұтқырлық үдерісінде негізгі стратификациялық бөліктердің бірі болып табылады және мамандардың бастапқы кәсіби мүмкіндіктерін арттыра отырып, тік кәсіби ұтқырлық үдерістерінің сәтті болуының шарты, факторы болып табылады.

2. Л.В. Горюнова кәсіби құзыреттілікті тек тар кәсіби мағынада ғана емес, ең алдымен кең, жалпы әлеуметтік мағынада да түсінеді. Ол "білім берудегі құзыреттілік тәсіл білім мен дағдылармен қатар қабілеттер, білімге дайындық, әлеуметтік дағдылар сияқты категорияларды қамтиды" деп баса айтады [12].

Сонымен, В.А. Болотов пен В.В. Сериковтың пікірінше құзіреттілік, оның ішінде кәсіби құзіреттілік жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуының, оның жеке өсуінің, өзін-өзі ұйымдастырудың және белсенділік пен жеке тәжірибені жалпылаудың салдары болып табылады [13]. Е.В. Астахова атап өткендей «Кәсіби құзыреттілік» ұғымын түсіндірудің әртүрлілігі маманның алдына қойған міндеттерінің алуандылығы оны шешу тәсілдерінің айырмашылығымен байланысты және жеке бас қасиеттері жеке-белсенділік, білім, мәдениеттілік мүмкіндіктеріне байланысты деп түсіндіреді [14].

3. Жеке тұлғаның кретивтілігі оның ішкі бостандығының белгісі, қалыптасқан стереотиптерден бас тарту және өмірлік немесе кәсіби жағдайға жаңа көзқараспен қарау, стандартты емес, кейде күнделікті өмірден тыс. Бұл дивергентті ойлау және креативтілік қабілеттері бар шығармашылық адамның күші. Сондықтан, бірқатар ғалымдардың (З.А. Решетова, А.М. Столяренко) пікірі бойынша қоғам дамуының қазіргі кезеңіндегі кәсіби ұтқырлықтың негізі болашақ мамандардың шығармашылық ойлауының дамуы болып табылады.

4. Кәсіби ұтқырлықтың келесі сапаларының бірі кәсіби іс-әрекет мазмұнына тез өзгергіштік қасиеті. Әр адамның қарапайым әлеуметтік тәжірибесі адамның толыққанды кәсіби құзыреттілігін, оның ішінде танымдық, әлеуметтік және аксиологиялық-мотивациялық компоненттерін қалыптастыру оның тікелей жұмыс үдерісінде жүретінін көрсетеді. Қазіргі

кезеңде кәсіби ұтқырлықты анықтау дәстүрлі түрде маманның мағаналық-санаттық қабілеттілігін қамтиды:

- кәсіби өзгерістерге;
- қызмет орны мен түрінің өзгеруіне.

Бұл тұрғыда ұтқырлық адамның өз кәсібін, мамандығын немесе мамандануын және өзінің біліктілік деңгейін, қызметтік лауазымын, кәсіби еңбек орнын өзгертуінен көрінеді деп өзгергіштіктің болашақ маман үшін маңызды екендігін қарастырдық.

5. Кәсіби ұтқырлықтың келесі маңызды құрамаларының бірі белсенділік және кәсіби ортаға бейімделу. Егер болашақ маман оқу үдерісінде белсенді түрде академиялық немесе қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысса, бұл өте маңызды. Мұндай жағдайда энциклопедиялық білімі бар адам әртүрлі құрылымдарда сұранысқа ие бола бастайды, бұл, әрине, оның кәсіби ұтқырлығын арттыруға ықпал етеді.

Ал Ю.Ю. Дворецкаяның пікірінше, жеке тұлғаны бейімделу тетігі ретінде кәсіби ұтқырлық әрқашан адамның іс-әрекет субъектісі ретінде даму үдерісімен байланысты, сонымен бірге белгілі бір дәрежеде маманның жеке белсенділігімен, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру қабілетімен байланысты. Зерттеушінің пікірінше, жеке тұлғаның кәсіби ұтқырлығы маманға кәсіби сипаттағы әр түрлі жағдайларда өзінің субъектілік әлеуетін және кәсіби мінез-құлқын басқаруға мүмкіндік беретін бейімделу тетігін ұсына білуінде [15].

Әдеби дереккөздерге жүргізілген талдау мынаны негіздейді, кәсіби ұтқырлықты тек кәсіби білімдердің негізінде ғана емес жоғарғыдағы кәсіби сапаларды кешенді түрде дамытқан жағдайда да қалыптасады деген тұжырым. Зерттеу барысында мына әдістер қолданылды: қарастырылатын мәселе бойынша ғылыми және тәжірибелік еңбектерді талдау, жинақтау, эмпирикалық әдістер, эксперимент.

Нәтижелерді талқылау. Зерттеу сұрақтарына «ұтқырлық» және «кәсіби ұтқырлық» ұғымдарының көп астарлы, сонымен қатар бірнеше ғылымдардың интеграциялық деңгейінде қарастыруға болатындығына көз жеткізе отырып, осыған байланысты көптеген ғалымдардың ғылыми еңбектеріне теориялық тұрғыдан талдау жасап педагогикалық-психологиялық негіздерде анықтамалар беріп оның негізгі сапаларын анықтап осы қасиеттерді кәсіби ұтқыр маман болудағы маңыздылығына талдау жасадық.

1. "Ұтқырлық" ұғымын талдау көрсеткендей болашақ маманның әлеуметтік, мәдени немесе кәсіби ортада өзінің мәртебесін немесе позициясын тез өзгерту қабілетін сипаттайтын жеке тұлғаның интегративті сапасы, жаңа жағдайда тез, тез әрекет ету, қайта құру қабілеті, жоғары мақсатты белсенділік, қоғамдағы жағдайды өзгерту мүмкіндігі, жаңа жағдайдағы өзгерістер мен қайта құруларға тез жауап беру мүмкіндігі.

2. Кәсіби ұтқырлық – маманның өзінің игерген кәсіби саласына сәйкес келетін басқа қызметке сәтті ауысу немесе жұмыс түрін өзгерту мүмкіндігі, сонымен қатар жалпыланған кәсіби әдістер мен оларды тиімді қолдану дағдылары жүйесі, жалпыланған кәсіби білімнің жоғары деңгейін, жедел іріктеуге және өз мамандығы бойынша әртүрлі тапсырмаларды орындаудың оңтайлы әдістерін жүзеге асыруға дайын болуды қамтиды деп қарастыруға болады.

3. Жоғарыдағы ғалымдардың еңбектеріне талдау жасап кәсіби ұтқырлықтың негізгі сапалық қасиеттерін көрсеттік: кәсіби білім, кәсіби құзыреттілік, креативтілік, өзгергіштік, бейімделу және белсенділік.

Қорытынды. Теориялық зерттеулердің нәтижелерін келе төмендегідей тұжырым жасадық:

Біріншіден, кәсіби ұтқырлықты көптеген ғылым салаларында қолдануға болатын ұғым екендігін көрсеттік және олардың түсінігі адамның қоғамдық қажеттілігінен туындаған өзгерістерге тез жауап беруге дайындығы, өз қызметтің әр түрлі салаларын жылдам меңгеруі мен жеке басының интегративті сапасы екендігін анықтадық;

Екіншіден, өзін - өзі дамыту, өзгерістерге бейімделу, шығармашылық, белсенділік, коммуникативтілікті, және т.б. сапалар барлық адам баласына ортақ қасиеттер екендігі белгілі. Осы қасиеттерді қалыптастыруға университеттегі оқу үдерісінде белгілі бір дәрежеде көңіл бөлінеді. Дегенмен, бұл қазіргі талаптарды қанағаттандырады деу қиын. ЖОО тәжірибесінде

кәсіби ұтқырлықты дамыту жайлы арнайы білім берілмейді, практикалық жұмыстар да жүргізу де өте сирек деуге болады.

Қорыта келе, қай бір саланың болмасын мамандарына қажетті сапа ретінде кәсіби ұтқырлықты дамыту қазіргі педагогика мен психология ғылымдарының негізгі міндеттерінен саналады деп есептейміз. Ал өз жұмысын педагог, психолог, әлеуметтік педагог т.б. мамандықтарының шегарасында жүргізетін «педагог психологтар» үшін бұл сапаны дамыту өте өзекті мәселе екендігінде дау жоқ.

Болашақ педагог-психологтардың кәсіби ұтқырлықтарын дамыту оның теориясын негіздеу, әдістемесін жасап орындалу шарттарын анықтау біздің зерттеудің перспективасы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Зинченко В.П. Психология: словарь / Под ред. В.П. Зинченко. – М.: Академия, 1998.- 103с. - кітап
2. Фугелова Т.А. Профессиональная мобильность выпускника технического вуза и перспективные ориентиры ее развития / Т.А. Фугелова. – М.: Человек и образование, 2010. - 2 (23) - 34 с. - кітап
3. Амирова Л.А. Развитие профессиональной мобильности педагога в системе дополнительного образования. Автореферат диссертации ... доктора педагогических наук. Уфа, 2009
4. Сорокин П.А. Человек. Цивилизация. Общество / Перевод с английского. П.А.Сорокин.- М.: Политиздат, 1992. - 543 с. - кітап
5. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология / Жалпы редакциясын басқарған А. Құсайынов.-Алматы: «Мектеп»- 2002.- 53 б. - кітап
6. Ожегов С.И. Толковый словарь русского языка / под ред. чл.-корр. АН СССР Н.Ю. Шведовой. - М.: НИИВШ, 1990. - 923 с. - кітап
7. Маркова А.К. Психология профессионализма / А.К. Маркова - М.: 1993. -213с. - кітап
8. Зеер Э.Ф. Психология профессий: Учебное пособие для студентов вузов. - М.: Академический Проект; Фонд «Мир». 2006. - 336 с. - кітап
9. Дьяченко М. И. Психология высшей школы / М. И. Дьяченко, Л. А. Кандыбович. – Мн.: - Харвест. 2001. – 383 с. - кітап
10. Никитина Е.А. Педагогические условия формирования профессиональной мобильности будущего педагога. Автореф. Дис. ... канд. пед. наук. - Иркутск, 2007. -18с. - кітап
11. Саудабаева Г.С., Шолпанқұлова Г.К Қашықтан оқыту жағдайында студенттердің ұтқырлығын қалыптастыру // Абай атындағы ҚазҰПУ-ң хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы - 2020. – Т.2. №66. – Б. 106-112 - журнал мақалалары
12. Горюнова Л.В. Научно-педагогические проблемы развития профессиональной мобильности специалиста: монография. Ростов н/Д, 2005. -117с. - кітап
13. Болотов В.А., Сериков В.В. Компетентностная модель: от идеи к образовательной программе // Педагогика - 2003. –№10. – С. 84- 96 - журнал мақалалары
14. Астахова Е.В. Высшее образование как фактор социальной мобильности в современном обществе // Методология и практика социологического анализа современного общества: сборник научных работ. Харьковские социологические чтения за 2001, Харьков, Украина, 2001. - С. 72- 98 - конференция материалдары
15. Дворецкая Ю.Ю. Психология профессиональной мобильности личности: Автореф. Дис. ... канд. псих. наук. - Краснодар, 2007. -28с.

References:

1. Zinchenko V.P. Psikhologiya: slovar' / Pod red. V.P. Zinchenko. – М.: Akademiya, 1998.- 103s. - кітап
2. Fugelova T.A. Professional'naya mobil'nost' vypusknika tekhnicheskogo vuza i perspektivnyye oriientiry yeye razvitiya / T.A. Fugelova. – М.: Chelovek i obrazovaniye, 2010. - 2 (23) - 34 s. – кітап

3. Amirova L.A. *Razvitiye professional'noy mobil'nosti pedagoga v sisteme dopolnitel'nogo obrazovaniya. Avtoreferat dissertatsii ... doktora pedagogicheskikh nauk. Ufa, 2009*
4. Sorokin P.A. *Chelovek. Tsivilizatsiya. Obshchestvo / Perevod s angliyskogo. P.A.Sorokin.- M.: Politizdat, 1992. - 543 s. - kitap*
5. Kazak, tili terimderiniñ salalyk, ғылыми тәсіндірме сөздігі: *Pedagogika zhәне psikhologiya / Zhalpy redaksiyasyn bask, arğan A. K, ұsayynov.-Almaty: «Mektep»yu- 2002.- 53 b. - kitap*
6. Ozhegov S.I. *Tolkovyy slovar' russkogo yazyka / pod red. chl.-korr. AN SSSR N.YU. Shvedovoy. - M.: NIIVSH, 1990. - 923 s. - kitap*
7. Markova A.K. *Psikhologiya professionalizma /A.K. Markova - M.: 1993. -213s. - kitap*
8. Zeyer E.F. *Psikhologiya professiy: Uchebnoye posobiye dlya studentov vuzov. - M.: Akademicheskyy Proyekt; Fond «Mir». 2006. - 336 s. - kitap*
9. D'yachenko M. I. *Psikhologiya vysshey shkoly / M. I. D'yachenko, L. A. Kandybovich. – Mn.: - Kharvest. 2001. – 383 s. - kitap*
10. Nikitina Ye.A. *Pedagogicheskiye usloviya formirovaniya professional'noy mobil'nosti budushchego pedagoga. Avtoref. Dis. ... kand. ped. nauk. - Irkutsk, 2007. -18s. - kitap*
11. Saudabayeva G.S., Sholpank, ұlova G.K. *Қашықтан оқыту жағдайында студенттердің үтк, yrlyғын к, alyptastyru // Abay atyndaғы Қ, azҰПУ-ң khabarshysy «Pedagogika ғылымдары» seriyasy - 2020. – Т.2. №66. – В. 106-112 - zhurnal mak, alalary*
12. Goryunova L.V. *Nauchno-pedagogicheskiye problemy razvitiya professional'noy mobil'nosti spetsialista: monografiya. Rostov n/D, 2005. -117s. - kitap*
13. Bolotov V.A., Serikov V.V. *Kompetentnostnaya model': ot idei k obrazovatel'noy programme // Pedagogika - 2003. –№10. – S. 84- 96 - zhurnal mak, alalary*
14. Astakhova Ye.V. *Vyssheye obrazovaniye kak faktor sotsial'noy mobil'nosti v sovremennom obshchestve // Metodologiya i praktika sotsiologicheskogo analiza sovremennogo obshchestva: sbornik nauchnykh rabot. Khar'kovskiyе sotsiologicheskiye chteniya za 2001, Khar'kov, Ukraina, 2001. - S. 72-98 - konferentsiya materialdary*
15. Dvoretzkaya YU.YU. *Psikhologiya professional'noy mobil'nosti lichnosti: Avtoref. Dis. ... kand. psikh. nauk. - Krasnodar, 2007. -28s.*

МРНТИ: 14.01.17

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-5496.03>

Лю Лицзюнь¹, Акрамова А.С.^{1*}

¹ КазНУ им.Аль-Фараби г. Алматы, Республика Казахстан

РАЗВИТИЕ ИННОВАЦИЙ И ТАЛАНТОВ В ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗАЦИИ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

По мере роста мирового процесса глобализации, быстрого развития информационного общества и экономики, основанной на знаниях, интернационализация высшего образования становится главной характерной чертой и важной тенденцией развития высшего образования во многих странах. Интернационализация высшего образования обычно понимается как интеграция международного измерения в процессе подготовки кадров, научных исследований и социальных услуг. В статье анализируются движущие силы интернационализации высшего образования. Авторы считают, что повышение качества подготовки кадров является одной из движущих сил такого процесса, как интернационализация высшего образования. Анализируя значение интернационализации высшего образования для повышения качества подготовки кадров, авторы обращают внимание на необходимость обогащения передового опыта и повышения квалификации в сфере занятости, внедрения соответствующих стратегий повышения качества подготовки кадров в университетах, развитие инноваций и талантов. В статье сделана